# Қайырымдылық – асыл қасиет

Орындаған: Айткалиева.А
202-топ

# М а қ с а т ы:

1. Қайырымдылық, жақсылық жасау дәстүрлері жайында түсінік беру
2. Қазіргі таңда қайырымдылық іске асырылып отырғандығы жайында мәліметтер беру
3. Халқымызда қайырымдылық жасаң дәстүрінің жалғасуы

# «Жасаған жақсылығың сатулы болмасын»

Ата-бабаларымыз ұрпағына мұра етіп қалдырған тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Олар бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүрген. Ұрпағының білімді болғанын армандаған.

Адамға жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету – халқымыздың мақтан етерлік дәстүрлерінің бірі. Бұл дәстүр қазақ тіршілігінде түрліше іске асып отырған.

**Қайырымдылық** - көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйішпеншілік пен нақты көмек.

**Қайырымдылық** - ізгіліктің анық көрінісі болып табылады.

**Қайырымдылық** - адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді.

# «Адамға қылған жақсылық өмірінде тозбайды»

1. **Көрші-қолаңның, ағайын туыстың жалғыз аты өлсе, оның етін көпшілік болып бөлісіп, орнына бірігіп ат сатып берген.**

2. **Алыс сапарға аттанғанда, кедейлерге ет-май деп майда малын уақытша болса да қарасып, мініске деп жылқы берген. Көлік-жай деп көшуге, малға жем-шөп даярлауға түйе беріп көмектескен.**

3. **Сауын деп кедей-кепшіктерге жаз кезінде сауынға мал берген .**

Қайырымдылық – асыл қасиет. Шексіз мейірімді, шексіз рақымды. Алла мұсылман құлдарына әрқашан да бір-біріне мейірімді, қайырымды болуға үндейді.



Рамазан айы – мейірімділік, қайырымдылық айы. Бұл айда мұсылмандар пітір таратады. Бір-біріне қолынан келгенше қайырымдылық жасайды.



Мейірім – жақсы, залымдық жаман дейсің,

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.

Жан ашып, ешбір жанға жәрдем қылмай,

Өткен адам – өсіп-өсіп құлаған бір бәйтерек.
(Ш.Құдайбердиев)



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау),

Іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақгы көмек беруге үмтылу).

**Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау — қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүрегінің жылуы жоқ, қатыгез адамды қайырымсыз деп атайды.**

Қайырымдылықты - мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде кедейкепшік, жарлы-жақыбай жандарға көмектесумен, қайырсадақа берумен де корініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

